



Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1786. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1649 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы орталық аппарат қызметкерлерінің шекті санында, қосымшаға сәйкес, 57 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, соның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 11 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін. <*>
3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт

министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

<*>

Ескерту. 2,3-тармақтарына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.12. N 583 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 қыркүйектегі N 1010 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1786 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм
және спорт министрлігі орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Жастар ісі басқармасы

Туризм басқармасы

Спорт басқармасы

Ұйымдастыру жұмыстары басқармасы

Қаржы-экономика бөлімі

Бухгалтерлік есеп бөлімі